

10 дәріс. Франция музейлері

Мақсаты: студенттерге Франция музейлерінің тарихы, олардың әлем мәдениетіндегі алатын орны туралы оқытып үйрету болып табылады.

Дәрістің жоспары:

1. Париж Лувр (Louvre), Д'Орсэ
2. Бордо. Әсерлі өнер музейі, Дижон. Маньен музейі.
3. Кольмар. Унтерлинден музейі. Лилль. Әсерлі өнер музейі
4. Лион. Әсерлі өнер музейі. Ницца. Әсерлі өнер музейі
5. Руан. Әсерлі өнер музейі Страсбург. Әсерлі өнер музейі

Кілт сөздер: Париж, Лувр, музеология, музейтану, көркемсурет, галерея, ЮНЕСКО, ICOM

Париж Лувр (Louvre) - сәулет ескерткіші, өнер музейі. Алғаш француз патшаларының сарайы, кейіннен үздік өнер туындыларын сақтайтын мәдениет ордасы ретінде қызмет еткен. 1190 жылы салынған ескі қамал орнына XIII ғасырда Карл V жаңа құрылыс салдырған, ал XIV ғасырда бұл жерде мұнаралы құрылыс үйі тұрғызылған. Франциск I тұсында 1540 жылы жаңа сарай салу құрылысы басталып, ол XVII ғасырға дейін жалғасты. Корольдық коллекция жинау ісі бастамасын алғаш көтерген де Франциск I болды.

Наполеон Бонапарт тұсында Лувр Еуропаның орталық өнер музейіне айналды. Сол кезеңде музей директоры қызметін атқарған Доминик Виван-Денон Наполеонның Египетке жасаған жорығына қатысқан, ол музей қорын толықтыруға соғыс олжаларымен қоса басқа да барлық мүмкіндіктерін қарастырды. Ол әлемнің ең үздік деген шеберлерін Францияға жинауға тырысты. 74 шетелдік суретшінің 73-і итальяндық болды. Солардың ішінде корольдың шақыруымен келіп жұмыс жасаған суретшілердің қатарында Леонардо да Винчи, зергер әрі мүсінші флоренциялық Бенвенуто Челлини, Андреа дель Сарто, Россо, Приматиччо, Пермиджанино, т.б. болды. Леонардо да Винчи Францияда қайтыс болған, оның шеберханасындағы барлық картиналар Франциск I иелігіне өткен.

XVI ғасырдың соңында король Генрих IV Луврдың «Үлкен галерея» залын суретшілер, мүсіншілер, зергерлер, сағатшылар шеберханасына айналдырып, хас шеберлерді бір жерге топтастырды. Ол кезеңде Луврда кілем шеберханасы жұмыс жасады, монета және медальдар соғылды, ал 1640 жылдан кітаптар басып шығарды. XVII ғасырдың 2-жартысында Лувр патша сарайы болудан қалып, патшаның жеке көркемсурет коллекциясын сақтау ордасына айналды. 1643-1715 жылдары король Людовик XIV билігі тұсында корольдық коллекция жинағын толықтырды, сарайдың негізгі ғимаратын тұрғызды. XVIII ғасырдың орта кезінен бастап француз ағартушылары Луврды жалпы халықтық ғылым және өнер орталығына айналдыру идеясын көтерді. 1791 жылы революциялық Конвент декреті негізінде Лувр Ұлттық көркемсурет музейі мәртебесін алып, 1793 жылы 8 қарашадан халыққа қызмет көрсете бастады. Музейдің негізін бұрынғы корольдік мұралар жинағы, сондай-ақ монастырлар мен шіркеулерден және бай әулеттерден жиналған,

жалпы ұлттық мүддеге қызмет еткен коллекциялар құрады. Лувр экспонаттары Наполеон жаулап алған елдердің қымбат қазыналарымен, шетелден сатып алынған өнер туындыларымен, түрлі қайырымдылық шаралардан түскен бұйым, заттармен толықтырылды. Наполеонның Египет жорығына археологтар мен ғалымдар да қатысқан, Египеттің мол мұрасы Лувр қорының негізі болған. Наполеон I империясы құлағаннан кейін соғыс олжаларының біразы өз елдеріне қайтарылған. Лувр коллекциясын кеңейтумен одан әрі Виван-Денон айналысқан. Оның тұсында Лувр коллекциясы географиялық және хронологиялық тұрғыда жүйеленген. 1811 жылы ол Италияға сапарында Чимабуэ мен Джотто шығармаларын иеленген. XX ғасырдың 90-жылдарындағы кескіндеме мен мүсіндеме каталогы бойынша Лувр қоры 30000-дай болған. Қазіргі таңда музей қоры экспонаттары 400000-нан асады. Музейде Ежелгі шығыс және ислам мәдениеті, Ежелгі Египет, Ежелгі грек, Этрускалық және Ежелгі Рим өнері, қолданбалы өнер, көркемсурет, мүсін, графика, ортағасырлық Лувр атты департаменттер және Сюлли, Ришелье, Денон галереялары жұмыс істейді. Луврда дүниежүзінде аса қомақты саналатын шығыс елдері құндылықтары жинақталған. Тек қана Египет ескерткіштері 20 залда экспозицияланған. Ежелгі Шығыс бөлімі Шумер, Аккад, Ассирия, Вавилон, Палестина, Финикия, Персия, Урарту тақырыптарын қамтиды. 1817 жылдан мүсіндер бөлімі, 1893 жылдан сәндік-қолданбалы өнер бөлімі жұмыс істейді. Зергерлік бұйымдар Апполлон галереясына қойылған. Луврда Францияның тандаулы өнер қайраткерлерінің туындылары жинақталған. Картиналар галереясы өте бай. Луврда «Нике Самофракийская» (б.з.б. IV–II ғ. соңы). «Афродита Милосская» (б.з.б. II ғ.), Буоноротти Микеланджелонның «Құлдар бейнесі» мүсіндері, Леонардо да Винчидің «Жартастағы Мадонна», «Джоконда» туындылары, Рафаэль Сантидің «Б.Кастильоне портреті», Джоржоненің (Джорджо Барбарелли да Кастельфранко) «Қыстақтағы сауық», В.Тицианның «Биялай киген бозбала», Паоло Веронездің «Канедегі некелесу», Ян Ван Эйктің «Канцлер Роленнің Құдай-анасы», Питер Пауль Рубенстің «Елена Фаурмент балаларымен» портреті, Х.Рембрандттың «Вирсавия», т.б. көптеген туындылары қойылған. Лувр құрамына 1947 жылы Жа де Помның бастамасымен (галерея ретінде) ашылған Импрессионизм музейі мен Оранжерея (Клод Моненің «Құмыралар» атты сериялы панносының тұрақты экспозициясы және көрме бөлмесі) кіреді. Лувр пирамидасы президент Франсуа Миттеранның тапсырмасымен архитектор Йог Минг Пи жобасымен салынған. 1940 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде немістер Парижге кіргенде француз үкіметі Лувр қорын тығып тастаған. Музейге кіру 18 жасқа дейін тегін. Музейге келген әрбір адамға музей картасы ұсынылады.

Париж. Д'Орсэ 1986 жылы бұрынғы Орлеан вокзалы ғимаратынан Луврдың импрессионизм бағытындағы жинақтары негізінде ашылған жас музей болса да, 4000-нан аса қор заты бар, қазіргі таңда әлемге танымал өнер музейі. Музей XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасыр өнерін экспозициялайды, олардың қатарында Доминик Энгр, Эжен Делакру, Александр Кабанел, Пьер Пюви де Шаванна, Гюстав Моро, Камиль Коро,

Гюстав Курбе, Джеймс Тиссо, Анри Фантен-Латур жұмыстары бар. Әлемдік шедеврлер қатарында Эдуард Маненің «Көгалдағы таңғы ас», «Олимпия», Эдгард Деганың «Үтіктеуші», Пьер Огюст Ренуардың «Мулен де ла Галеттегі бал», «Ауылдағы би», Клод Моненің «Әсер. Күннің атуы», «Руан соборы», «Мактар», Альфред Сислейдің «Пор-Марлидегі су тасқыны», т.б. жұмыстары бар. Постимпрессионистер – Винсент Ван Гог, Поль Сезанн, Поль Гоген, Анри де Тулуз-Лотрек, «Наби» тобына енетін – Пьер Боннар, Эдуард Вюйяр, Керра Ксавье Руссел, сондай-ақ фовистер мен Понт-Авен мектебі суретшілері жұмыстары қойылған. Музей мүсіндер коллекциясына да бай, онда Франсуа Рюд, Жан Батист Карпо, Онор Домью, Огюст Роден, Эмиль Антуан Бурдель, Аристед Майоль мүсіндері қойылған. Сәндік-қолданбалы өнер туындыларынан жиһаздар, вазалар, әшекейлер, т.б. экспозицияланған.

Бордо. Әсерлі өнер музейі — 1801 жылы Наполеон Бонапарттың бұйрығымен құрылған, қазіргі таңдағы Франциядағы ірі өнер коллекциясы музейі. Оның негізін Францияның Орталық музейінен әкелінген экспонаттар құраған. 1805 жылы музей коллекциясында 44 жұмыс болған. Музей тарихындағы ерекше оқиға 1829 жылы маркиза Лаказаның 280 итальян, неміс, голланд, фломанд суретшілерінің полотноларынан тұратын керемет коллекциясын иелену болды. 1870 жылы музейде өрт болып коллекцияның бір бөлігі өртенген, солардың қатарында Филипп де Шампен, Питер Пауль Рубенс жұмыстары да болған. 1881 жылы қала басшылығының бұйрығымен архитектор Шарль Бурженің жобасымен музейдің қазіргі жаңа ғимараты тұрғызылды. Ғимараттың оңтүстік бөлігі XVI-XVIII ғасырлар шеберлері жұмыстарына арналған. Олардың қатарында Пьетро Перуджино, Тициан, Якопо Бассано, Гверчино, Якоп Тинторетто, Паоло Веронез сияқты итальяндық қайта өркендеу дәуірі суретшілерінің, Питер Пауль Рубенс, Антонис Ван Дейк сияқты фламандық қылқалам шеберлерінің жұмыстары бар. Ғимараттың солтүстік бөлігінде XIX-XX ғасырлар өнер туындылары, негізінен француз суретшілерінің туындылары қойылған. Музей экспозициясынан Камиль Коро, Шарль Франсуа Добиньи, Одилон Редон, Пьер-Огюст Ренуар, Анри Матисс, Альбер Марке, Андре Лот, Пьер Боннар жұмыстарын көруге болады.

Дижон. Маньен музейі Морис және оның қарындасы Жан Маньендердің XX ғасырдың бас кезінде жинаған еуропалық өнер туындыларының коллекциясы негізінде құрылған. Коллекция жинағын сақтау және көпшілікке көрсету үшін коллекционерлер 1652-1681 жылдары архитектор Этьен Лантеннің жобасымен салынған «Лантен отелі» деп аталатын Дижондағы ең сәнді ғимаратты сатып алған. 1937 жылы жинақ мемлекет меншігіне өткен. Ағайынды Маньен коллекциясы 1300 картина, 700 сызба сурет, сондай-ақ жиһаздар мен археологиялық бұйымдарды құрайды. Коллекция жинағында XVI-XVIII ғасырлардағы венециандық суретшілер, XVII ғасырдағы ломбард және неополитандық шеберлер жұмыстары сақталған. Экспозицияда Аньоло Бронзино, Алессандро Аллори, Лук Джордано, Ридольф Гирландайо, Андреа Скьявон, Ипполит Скарселино, Джованни Батист Тьеполо, Питер Ластман, Бартоломеус Ван дер Хелст, Герард де Лейресс, Уильям Хогарт, Фрэнсис

Хейман, Генри Фюсли, Ганс Бальдунг Грин, Антон Рафаэль Менгс, Давид Тенирс жұмыстары қойылған. XVII ғасыр полотноларына арналған галереяда Эсташ Ле Сюер, Лоран де Ла Ир, Себастьян Бурдон, Филипп де Шампен, Израэл Сильверст, XIX ғасыр бөлімінде Антуан Жан Гро, Шарль Франсуа Добьиньи, Франсуа Мариус Гран, Поль Деларош жұмыстары экспозицияланған.

Кольмар. Унтерлинден музейі Франциядағы келушілер тарапынан ең көп сұранысқа ие музей болып табылады. Музей 1232 жылы салынған ортағасырлық сәулет өнері ескеркіші болып саналатын ғимаратта орналасқан. Музей коллекциясының негізін археологиялық заттар құрайды, олардың қатарында алғашқы адамдардың еңбек құрал жабдықтары, тұрмыстық бұйымдар, алтын, күмістен жасалған бұйымдар, түрлі әшекейлер, қыш-құмыралар, фаянстар, фарфорлар, киімдер, шаруашылық бұйымдары, жиһаздар бар. Ортағасырлық кольмарлық көркемсурет мектебі неміс қайта өркендеу дәуірінің суретшілері Үлкен Лукас Кранах, Кіші Ганс Гольбейн, Мартин Шонгауэр жұмыстарын, импрессионистер Пьер Боннар, Клод Моне, Пьер-Огюст Ренуар, басқа көркемсурет бағыттарынан Жорж Ру, Робер Делон, Фернан Леже, Пабло Пикассо, Роже Бессьер, Вил Баумайстер, Макс Эрнст, Макс Фридлендер, Сергей Поляков жұмыстарын экспозицияланған. Музейде роман және готика дәуірінің мүсіндері, XIX ғасыр неміс және француз көркемсуреті бөлімдері жұмыс істейді.

Лилль. Әсерлі өнер музейі 1889 жылы ашылған, қор көлемі жағынан Франциядағы Луврдан кейінгі екінші орындағы музей. Музей ғимараты 1991-1997 жылдары ірі реконструкциядан өткен. Бірінші қабаттағы он залда 650-ден астам XV-XIX ғасырлардағы фламандтық (Питер Пауль Рубенс, Якоб Йорданс, Антонис Ван Дейк), голландық (Эмманюэл де Витте, Питер Кодде, Якоб Ван Рейсдал, Питер Ластман), француздық (Жак Луи Давид, Эжен Делакруа, Теодор Жерико, Камиль Коро, Пьер Пювиде Шаванн) сондай-ақ нидерландық, итальяндық, испандық, мектептердің полотнолары қойылған. Шедеврлер қатарында Гюстав Курбенің «Орнандағы түскі астан соң», Франсиско де Гойдың «Жас махалар» атты туындылары бар. 4000-нан аса графикалық жұмыс экспозицияға шығарылған, соның ішінде 30 графика Рафаэльге тиесілі. Мүсіндер бөлімінде Огюст Роденнің шығармаларынан басқа XIX ғасырдың көптеген туындылары қойылған.

Лион. Әсерлі өнер музейі 1803 жылы құрылған, бұрынғы аббатстар ғимаратында орналасқан. 16 залдан тұратын музей экспозициясында антикалық өнер туындылары, Ежелгі Египет, Таяу Шығыс өркениетінің туындылары қойылған. Экспозицияның орта ғасыр және Қайта өркендеу дәуірінің қолданбалы өнер туындылары бөлімінде лимож эмальдары, піл сүйегі бұйымдары, алтын, күміс бұйымдар, испан-мавритан, француз фаянстары, шәй ішуге арналған жапон керамикасы, т.б. бұйымдар қойылған. Музейдің картина галереясында еуропалық шеберлердің 700 полотносы қойылған, олардың қатарында XIV-XVII ғасырлар шеберлері Пьетро Перуджино, Якоп Бассано, Паоло Веронез, Якоп Тинторетто, Гвидо Рени, Пьетро да Кортонна, Гварчино жұмыстары бар. Голланд және фламанд

шеберлері Кіші Питер Брейгел, Якоп Йорданс, Питер Пауль Рубенс, Рембрандт, француз шеберлері Симон Вуэ, Филипп де Шампень, Шарль Лебрен, Жан Жувне, Теодор Жерико, Эжен Делакруа, Теодор Шассерио, Камиль Коро, Онор Домье, Гюстав Курбе, Эдуард Мане, Клод Моне, Эдгар Дега, Поль Гоген, Пьер Пюви де Шаванн, мүсіншілер Огюст Роден, Эмиль Антуан жұмыстары экспозицияланған.

Ницца. Эсерлі өнер музейі 1928 жылы ашылған, Ниццада тұрып, жұмыс істеген суретші Жюль Шеренің құрметіне аталған. Музей XVII-XX ғасырлардағы француз, фламанд суретшілері мен импрессионистер туындыларын сақтаған, қордың негізгі бөлігін Жан Онор Фрагонар, Эжен Буден, Пьер Боннар, Эдуард Вюйар, Рауль Дюфи, Клод Моне, Эдгард Дега, Альфред Сислей, Арман Гийсмен, Хендрик Ван Бален, Ян Брейгель, Кес Ван Дюнген жұмыстары құрайды. Мүсіндер қатарынан Жан Батист Карло, Франсуа Рюд, Огюст Роден, гравюрадан Жак Калло, Франсиско де Гой жұмыстарын көруге болады. Пабло Пикассоның керамика ыдыстары да бірегей экспонат.

Руан. Эсерлі өнер музейі археологиялық бұйымдар, картиналар, мүсіндер, гравюра коллекциясын сақтап отырған Франциядағы ерекше музей. Музейде XVI ғасыр шеберлері Пьетро Перуджино, Герар Дивид, Франсуа Клуэ, Паоло Веронез, барокко дәуірінің шеберлері Диего Веласкес, Питер Пауль Рубенс, Микеланджело да Караваджо, рококо бағытындағы Никола Ланкре, Жан Онор Фрагонар, Юбер Робер, Франсуа Буше, XIX ғасыр өнерінен Теодор Жерико, Эжен Делароша, Теодор Шассерио, Поль Деларош, Камиль Коро, Гюстав Моро, Жан Франсуа Милле, импрессионистер Клод Моне, Альфред Сислей, Гюстав Кайботта, Эдгард Дега, XX ғасыр шеберлері Амедео Модильяни, Жак Эмиль Бланш, Марсель Дюшана, Рауль Дюфи, графика шеберлері Антуан Ватто, Гюстав Моро, Симон Вуэ, Джованни Батиста Тьеполо, Доминик Энгра, Эдгар Дега, мүсіншілер Теодор Жерико, Эмиль Антуан Бурдель, Раймон Дюшан-Вийон жұмыстары қойылған.

Страсбург. Эсерлі өнер музейі 1998 жылы құрылған жас музейлердің бірі болса да Франциядағы ерекше коллекцияны насихаттайтын мекеме. Ғимараты 1742 жылы салынған Роган сарайында орналасқан. Музей экспозициясына итальяндық қайта өркендеу дәуірінің шеберлері Джотто, Сандро Боттичелли, Чима да Конельяно, Пьер ди Козимо, Карло Кривелли, Филиппино Липпи, Пальма Веккью, Рафаэль; XVII ғасырдағы фламандық, нидерландық шеберлер Якоб Йорданс, Питер Пауль Рубенс, Антонис Ван Дейк, Алберт Кейла, Виллем Клас Хед, Питер де Хок, Виллем Каф, Эммануэл де Вите; француз шеберлері Симон Вуэ, Филипп де Шампен, Никола де Ларжильера, Теодор Шассерио, Камил Коро; испан шеберлері Эль Греко, Хусеп Рибер, Франсиско де Гойя жұмыстары қойылған.

Сұрақтар:

1. Франциядағы эсерлі өнер музейлері, экспозициялық ерекшеліктері.
2. Лувр департаменттері мен ғылыми-зерттеу институттары қызметі.
3. Д'Орсэ музейінің құндылықтары.

Әдебиеттер:

1. Калитина Н.Н. Музеи Парижа. - Л.-М., 1967.
2. Французские мастера живописи. Лувр. - М., 1975.
3. Лувр, Париж, Скульптура. - М., 1984.
4. Лувр. - М., 1992.